

ТУЫ

ІНІН, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

нварь Сәрсенбі


шығуына 32 жыл
жеке саны 20 тыйын.

Колхоздардағы есеп беру және сайлау жыйналыстарының саяси-шаруашылық маңызы орасан зор. Бұл жыйналыстарды дұрыс баскарып, ойдағыдай өткізу артель Уставын бұзушылықты ақырына дейін жоюға, колхоздардың жұмысындағы кемшіліктердің бетін батыл ашуға, колхозшылар бұқарасын алда тұрған міндеттерді мүлтіксіз орындауға жаппай жұмылдыруға көмектеседі. Есеп беру-сайлау жыйналыстарын саяси жоғары дәрежеде, сын мен өзара сын кең өрістеген жағдайда өткізейік!

еру-
ы

өздері лайық-
ұсынуына толық
іс. Жыйналыс-
ты ешкімнің бет-
і өрістету шар-
қелген кемшілік-
іп, алдағы уа-
ық-шаруашылық
ң нағыз дұрыс
үмкіндік береді.
з колхозшылар
і ешбір кемсі-
ың демократия-
малауға болмай-
ықша ескертіп
ясы колхоздарға
ң принципін
ң іскерлігі мен
васын кеңінен
үге тиіс. Пар-
ауылшаруашы-
ға басшылықты
ы істін жайы
олхоз шаруашы-
н жедел өркен-
міндетті.

оздарда жылдың
оны талқы-
бір колхозда-
й қойған жоқ.



Шағын двигательдер зауытының сапа байқаушысы И. Павлухин двигательдерді байқау жөнінде үнемі үздік шығып жүр. Петропавл паровоз депосы жабдықтау цехының слесарі В. Величкин бөлшектерді жөндеудің сапалы болуына жетісті.

СУРЕТТЕ: (Солдан оңға қарай) И. Павлухин және В. Величкин жолдастар жұмыс үстінде.

байқаушысы И. Павлухин двигательдерді байқау жөнінде үнемі үздік шығып жүр. Петропавл паровоз депосы жабдықтау цехының слесарі В. Величкин бөлшектерді жөндеудің сапалы болуына жетісті.

СУРЕТТЕ: (Солдан оңға қарай) И. Павлухин және В. Величкин жолдастар жұмыс үстінде.

Игілікті бастама бойынша

Стахановшы токарьлар А. Жандарова және О. Агафонова жолдастардың әрбір өндірістік операцияны жоғары сапалы етіп орындау жөніндегі игілікті бастамасы бойынша жұмыс істей отырып, Мамлют

103,5 процент және басқа да өндірістік жоспарлар асыра орындалды. Социалистік жарыстың кеңінен өрістетілуі арқылы М. Левин, С. Федоров сыяқты слесарьлардың орта есеппен жылдық өнті-

Көктемгі егіске әзірлік

Бір МТС-те

Егіннен мол және тұрақты өнім алуға тракторлар мен тіркеу саймандарының уақытылы және сапалы жөндеуінің зор маңызы бар. Өйткені, бұлар тыңғылықты жөндеуден өтсе, жазғы маусымда үздіксіз және өнімді жұмыс істейтін болады. Сөйтіп, көктемгі егісті агротехникалық ережелерге сәйкес ең қысқа мерзім ішінде аяқтауға зор мүмкіндіктер туады. Мұны жете түсінген Майбалық МТС-нің (Преснов ауданы) механизаторлары тракторлар мен тіркеу саймандарын жөндеуді өз дәрежесінде жүргізіп келеді.

МТС-тің әрбір механизаторы тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын тыңғылықты жөндеу жөніндегі социалистік жарысқа ұштасып, өздеріне кетерінкі міндеттемелер алған. Бұл жарысқа жекелеген механизаторлар ғана емес, цехтар мен жөндеу тораптары да ұштасқан. Бәзір МТС механизаторлары жарыс шартын науқан басталғаннан бері мінсіз орындап келеді. Осының нәтижесінде МТС-те аз уақыт ішінде әртүрлі маркалы 30 трактор жөндеуден өтті. Сөйтіп, трактор жөндеудің тоқсандық жоспары толық орындалды. Сол сыяқты, январьдың бірінші жартысындағы тапсырма да мінсіз орындалуда.

МТС-те өткен жылға қарағанда тіркеу саймандарын жөндеу де бірқатар жақсарды. Бұл машиналарды жөндеу жөніндегі

тің, жұмыс қарқынын тездетуге мүмкіндік беріп отыр. Міне, МТС-те жөндеу жұмысын барлық жағынан сапалы жүргізуге және механизаторлардың еңбегін жеңілдетуге бағытталған осындай техникалық база жыл сайын нығайып өзіледі.

—Жөндеу жұмысына қажетті материалдар мен құрал-жабдықтардың жеткілікті болуы және жөндеу жұмысының бірден-бір тиімді әдісі—тораптың әдісті қолдану еңбек өнімділігін арттыруға, жұмыстың сапасын жақсартуға қолайлы жағдай жасады, —дейді МТС директоры Вальд жолдас. Бұл әдісті қолдану нәтижесінде МТС-те жөндеу жұмысында схемалық жұмыс нормасын үнемі орындайтын механизаторлар саны күннен-күнге көбейе түсуде. Жалғыз механизаторлар ғана емес, жөндеу тораптары да күндік жұмыс графитін мүлтіксіз орындап отыруға жетісті. Мұндай тораптар саны да барған сайын көбейіп келеді. Мұның барлығы МТС-тің тракторлар мен тіркеу саймандары көктемгі егіс басталудан көп бұрын жөндеп болатындығымызды дәлелдейді.

МТС механизаторлары жөндеу жұмысын жедел қарқынмен жүргізуге қанағаттанып отырған жоқ. Мұнымен бірге, олар еліміздің алдыңғы қатарлы механизаторларының Үндеуіне сәйкес, көктемгі егіске әзірлік жұмыстарын та-

сын кең өрістеген жағдайда өтетін болса ғана, колхоздардың ұйымдық шаруашылық жағынан одан әрі нығайтуы үшін шешуші роль атқаратын болады. Сондықтан жыйналыстарды осы тұрғыдан қарап, тығнақты түрде әзірлеу керек. Колхоз басқармасының және оның председателінің есебін талқылағанда, сол сыяқты, колхоз басқармасын, оның председателін және тексеру комиссиясын сайлау мәселесін шешерде колхозшылардың өз пікірін ашық айтуына, жұмыстағы кемшіліктерді, қателерді батыл сынауына, колхоз басқармасы мен тексеру

жақсы болады.

Колхоздардағы есеп беру және сайлау жыйналыстарының саяси шаруашылық маңызы орасан зор. Бұл жыйналыстарды дұрыс басқарып, ойдағыдай өткізу арғылы Уставын бұзушылықты ақырына дейін жоюға, колхоздардың жұмысындағы кемшіліктердің бетін батыл ашуға, колхозшылар бұқарасын алда тұрған міндеттерді мүлтіксіз орындауға жабай жұмылдыруға көмектеседі. Есеп беру-сайлау жыйналыстарын саяси жоғары дәрежеде, сын мен өзара сын кең өрістеген жағдайда өткізейік!

Ленин күндеріне әзірлік

КАЗАН. (СОТА). В. И. Ульянов (Ленин) атындағы Казан Мемлекеттік университетінде Ленин күндеріне әзірлік басталды.

Владимир Ильич оқыған университеттің оқытушы профессорлары мен студенттер коллективі оқу және ғылыми жұмыстар саласында бұл күндерді жаңа табыстармен атап өтуде. Бұған көзір өтіп жатқан емтихан сессиясының алғашқы аптадағы қорытындысы толық дәлел. Емтихан берген студенттердің 90 проценттен астамы жақсы және өте жақсы бағалар алды.

Ленин күндерінде қаланың мекемелері мен мектептерінде, кәсіпорындарында университеттің көптеген ғылыми қызметкерлері баяндамалар жасамақшы. Ғылыми кітапхана В. И. Лениннің қайтыс болғанына 28 жыл толуына арналған үлкен көрме әзірлеуде.

Зан факультетінің студенті болып жүргенде 1887 жылы Владимир Ульянов лек-

циялар тындаған аудиторияның Ленин бөлмесіне үнемі туратын кезекшілер тағайындалды. Аудитория келушілер үшін ашық.

СЫКТЫВҚАР. (СОТА). Коми АССР қалалары мен селолары Ленин күндеріне қызу әзірленуде. Мұнай өндіру кәсіпорындарында В. И. Лениннің революциялық қызметі мен өмірі туралы фотодокументтер мен кітаптар бөлмесі ұйымдастырылуда. Халық творчествосының республикалық үйі ұлы Лениннің бейнесін баяндайтын өлеңдер мен жырларды, әңгімелерді жазып алууда.

Республикалық лекция бюросы, ғылыми және саяси білімдер тарату қоғамының бөлімшесі лекциялардың циклын әзірлеуде 14 мыңнан астам үгітшілер В. И. Лениннің адал шәкірті И. В. Сталин жолдастың басшылығымен коммунизмге қарай өрлеп келе жатқан еліміздің зор табыстары туралы әңгіме өткізуде.

Сергей Субботиннің бригадасы

ГОМЕЛЬ, 11 январь. (СОТА). Кеше Сергей Субботиннің тас қалаушылар бригадасы өзен техникумы үйінің екінші этажын салуды аяқтады. Соғыстан кейін бригаданың Гомельде салған үйінің бұл жыйырма бесіншісі.

Соңғы үш жылдың үшінде ата-тегі үй салушылар болған С. Е. Субботин кірпіш қалаудың стахановтық әдістеріне ФЗО мектебінің 50 оқушысын үйретті. Қазір бұл бригада өзінің жұмыс тапсырмасын біржарым есе орындап жүр.

Мал қыстатудың озаттарын

★

Комсомолецтердің қажырлы еңбегі

Баганович атындағы колхоз (Совет ауданы) быйылғы жылғы мал қыстатуға үлгілі әзірлікпен кіріссе және мал шаруашылығында бірқатар табыстарға ие болып, отырса, бұған колхоз комсомолецтері де өз үлестерін қосқан. Мысалға өткен жылды алайық. Бұл жылы жазғы, күзгі маусымдарда комсомолецтер жұмыстың шешуші учаскторінде жұмыс істеді. Олар шөп шабудан, мал қораларын салу және жөндеуден бір күн де қол үзген емес.

Мал қыстату басталғанда комсомолецтер Р. Макарьцова, З. Ившина, Э. Барг, Е. Герт, А. Знобьяк колхоз басқармасынан өздерін мал қыстатуға жіберуді өтінді. Бұлардың барлығы да көзір мал қыстатуда жанамай еңбек етіп жүр.

Сол сыяқты, комсомолецтер И. Баштынский, П. Ботляренко мал қоралары жанына шөп тасуда. Олар да бұл жұмысты өздері қалап алған еді. Бұлар да стахановтық еңбегімен жұрт көзіне түсуде.

Ю. Рачинская — мал шаруашылығында көптен бері істеп келе жатқан комсомолецтердің бірі. Ол — сауыншы. Ол сыйырдан сүтті жоспардағыдан артық сауумен бірге, қарамағындағы әрбір сауын сыйырдан жыл сайын бір-бір бұзау алып, оны шығынсыз өсіріп келеді. Мәселен, ол өткен жылы қарамағындағы 13 сыйырдан 13 бұзау алып, оларды түгел табынға қосты. Көзір үлгілі сауыншы қысқы маусымда сыйырдан сүтті көп сауу жөніндегі социалистік жарысқа ұштасты. Ол үстіміздегі жылы әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 1900 литр сүт саууға міндеттеніп отыр.

Колхоз комсомолецтері мал шаруашылығын өркендетуде, әсіресе, көзіргі мал қыстату кезінде осылайша қажырлы еңбек етуде.

В. ЛИЗУН.

★

Іріленген колхоздың та

Куйбышев атындағы колхоз іріленгеннен бері колхоздың экономикасы әржақты өркендеуде. Іріленуден кейін, әсіресе, колхоздың мал шаруашылығы шапшаң қарқынмен алға басты. Мұнда мал шаруашылығын өркендету жөніндегі ұшжылдық жоспар ойдағыдай жүзеге асты. Әрбір түлік бойынша алғанда: ірі қара мал өсіру жоспары 102,2, жылқы өсіру жоспары 100,3 процент орындалса, қой саны жоспардағыдан 975 бас артты, шошқа өсіру жөніндегі жоспар да асыра орындалды.

Колхозда мал саны негізінен алғанда төл есебінен өсуде. Мұнда жыл сайын әрбір 100 биеден 84 құлын, әрбір 100 саулықтан 111 қозы, әрбір 100 сыйырдан 96 бұзау алынып, шығынсыз өсірілді.

Малдан алынатын өнім дәрежесін арттыруда да колхоздың едәуір табысы бар. Мәселен, колхоз мемлекетке ет және сүт тапсыру жөніндегі жоспарды артығымен орындады және бұл өнімдерден едәуір табыс тапты. Колхоз сүтке 2 «ГАЗ—51» машинасын сатып алды.

Мал шаруашылығын өркендетуде және одан алынатын өнім дәрежесін арттыруда жекелеген мал өсірушілердің істеген жұмыстары да аз емес. Олар малды үнемі жақсы күтімде ұстау нәтижесінде малды шығынға ұшыратпай шығынсыз өсіруге

жетісті. Мұндай оң ірі — А. Сәрсенов жылы әрбір 100 алып, оларды шыяқты, сауыншы Яманова және сыйырдан жоспар шерде сүт са сауын сыйырлар жесінде сүтті кө

Колхоз мал өс-лығындағы аса татуды ойдағыда жұмысқа колхоз күн нақтылы ба мал өсірушілер а жұмыстарын кө

Колхозшылар малдың бүкіл қ жеткізу үшін м шөп береді. Осы мал азығының бырапқа ұшырау

Колхоз мал өс-ды алдағы уақы күтімде ұстап, ө өсіреді. Бұған м қажырлы еңбегі

Мамлют аудан

КОЛХОЗДЫҢ ОЗАТ МАЛШЕ

Жамбыл атындағы колхоз (Октябрь ауданы) іріленген және мал шаруашылығы өскен колхоз. Оның іріленуі мал шаруашылығын жедел қарқынмен өркендетуге қосымша зор мүмкіншіліктер туғызды. Өткен жылды мал өсіруде бірқатар табыстармен аяқтаған колхоз мүшелері жаңа жылда жаңа табысқа жету үшін жанқиярлықпен еңбек етуде. Бұл үшін олар малды қыстан шығынсыз жа-

не күйлі шыға жарысқа қызу Бұл жарыста тарлы мал өсіру Исабеков жолдас нәтижесінде алд Олар қарамағын нің де күйін те де ұстауда.

ҰРМЫСЫ

Үймен байланыстыра үйренуде

өкіне байланыссыз-
е тиісті, қоғамдық
экономикалық заң-
питализм құрып,
амге беруге тиіс,—

ния мен Америкада
оциализм неге орна-
де социализм үшін
лар әлде қашан
—деді.

пешілуі екінші са-
Насихатшы Пинчур
ға И. В. Сталиннің
ық туралы қыс-
еңбегін келесі са-
апсырды.

у таластың нәтиже-
ң өздері бұл же-
адыға келді.

еле революциялық
амге келу мүмкін
еді тыңдаушы Лев-
ы қалай болса да
Бірақ әңгіме оның
елуінде, жеңіл әлде
үінде ме, —осында
пы табының озат
ин революцияшыл
қозғалысына со-
гізіп, оған орасан
дымшы табының со-
ындағы күрес мер-
қыйыншылықтарын

глия, АҚШ және
ономикасы күшті
стік елдерде социа-
лдеген сұрақ туды.
ті дұрыс қорытынды
Бұл елдерде мұнан
алиеттік өзгеріс жа-
ық жағдайлар біздің
жок. Бірақ социа-

ді, жауынгер, революцияшыл партия
болмады.

«Қысқаша күрестегі» лениндік «Не
істеу керек?», «Бір адым ілгері, екі
адым кейін», «Екі тактика» деген ең-
бектердің маңызы көрсетілген тараула-
рын оқығанда тыңдаушылардың алдына
тағы көп қызықты сұрақтар туды.

В. И. Лениннің «Не істеу керек?»,
деген еңбегі туралы айта келіп, тыңдау-
шылардың біреуі мынандай сұрақ қой-
ды: В. И. Лениннің социалистік идеоло-
гияның мәнін қандай да болсын кемсі-
тушілік жұмысшы табын буржуазиялық
идеологияға бағындыру болып табылады
деген қаридасының кәзіргі жағдайда біз
үшін қандай маңызы бар?

Осыған байланысты тыңдаушылар біз-
дің интеллигенттердің кейбір азшылық
бөлегі арасындағы шетелдің алдында бас-
ишілік, буржуазия «мәдениетін» ма-
дақтау сыяқты зиянды қылықтар жөнін-
де сөз қылды. Тыңдаушы Матвеева:
«Маған әлі түсініксіз, біз Батыстың мә-
дениетіне неге қарсы шығамыз?», —деді

Матвеева жолдастың сұрағына басқа
тыңдаушылар дұрыс әрі толық жауап
берді. Олар оған өткен ғасырларда Евро-
па халықтарының өздері жасаған клас-
сикалық мәдениет пен буржуазиялық
құрылыстың іріп-шіріп бара жатқанын
көрсететін кәзіргі буржуазиялық «мәде-
ниетті» айыра алмай отырғанын түсін-
дірді.

В. И. Лениннің «Екі тактикасын»
оқығанда тыңдаушылар халық демок-
ратиясы елдерінің даму жолдары тура-
лы, бұл елдердегі халықтық демократия-
лық революциялардың сипаты мен ерек-
шеліктері туралы қызу әңгіме қылды.

Мұның бәрі бір үйірмедегі партиямыз-
дың тарихының ертедегі кезеңін үйре-
нуді кәзіргі өмірмен, кәзіргі күннің кө-
кейтесті мәселелерімен байланыстырудың
бірнеше мысалдары ғана. Ал, партиямыз

Кітап жаңалықтары

Қаладағы «Қазқнижторг» магазиніне
төмендегідей кітаптар түсті:

Ж. Шаяхметов, Қазақстан Коммунист
(большевиктер) Партиясының V -съезін-
де Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитеті-
нің жұмысы туралы есепті баяндамасы,
(қазақ тілінде). Қазақстан мемлекеттік
баспасы, 1951 жыл. 25 мың дана, 79
бет. Бағасы 1 сом.

Дм. Молдавский. «Маяковский және
ССРО халықтарының поэзиясы». Очерктер
(орыс тілінде) «Совет жазушысы» баспа-
сы. Ленинград 1951 жыл. 10,000 дана,
205 бет. Бағасы 6 сом 50 тыйын.

К. М. Станюкович. «Теңіздік ертегілер»
(орыс тілінде) «Жас гвардия» баспасы
1951 жыл. 75,000 дана, 500 бет. Бағасы
15 сом.

Алексей Кожешников —«Нәрлі су». Ро-
ман. (орыс тілінде) «Совет жазушысы»
баспасы. 1951 жыл. 150,000 дана. 511 бет.
Бағасы 10 сом.

Мурмухсия. «Ферғана көктемі». Өлең-
дер және поэмалар. (орыс тілінде) Өзбек-
шеден аударылған. «Совет жазушысы»
баспасы. 1951 жыл. 5,000 дана, 161 бет.
Бағасы 3 сом.

Асхад Мухтар. «Менің азаматтарым».
Өлеңдер. (орыс тілінде) Өзбекшеден ау-
дарылған. «Совет жазушысы» баспасы.
1951 жыл. 5,000 дана. 118 бет. Бағасы
2 сом 75 тыйын.

Пионерлер слеті

Жуырда Приешім ауданының орталы-
ғында пионерлердің коммунизмнің ұлы
құрылыстарына арналған аудандық I
слеті болып өтті. Слет Совет Одағының
Гимні ойналумен ашылды. Осы тақырып-
та пионер Алла Запекля баяндама жа-
сады. Надя Михина, Нина Антонова, Ко-
ля Естеев сөз сөйлеп, баяндаманы то-
лықтырды.

Бұдан кейін 18 оқу отличнигіне облыс-
тық комсомол комитетінің грамоталары
тапсырылды.

Пионерлер слеті зор өрлеу үстінде жас
лениншілдердің сүйікті досы және әкесі

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 14 январь. (СОТА). Корей
Халық-Демократиялық Республикасы Ха-
лық армиясының Бас командованиясі бү-
гін Корей Халық армиясының құрамалары
қытай халық еріктілері бөлімдерімен бір-
лесе тығыз қыймыл жасай отырып, аме-
рикан-ағылшын интервенттері мен лисын-
маншыл әскерлерге қарсы қорғаныс ұрыс-
тарын жүргізумен болды, оларды адам
күші және техника жағынан шығындарға
ұшыратты деп хабарлады.

13 январь күні Шығыс майданның же-
келеген участоктерінде жергілікті маңызы
бар ұрыстар болып жатты. Янгудың сол-

түстігіне таман американ бөлімдері Ха-
лық армиясының шептеріне бірнеше рет
күшті атақалар жасады, алайда шығын-
дарға ұшыратылып, олар кейін қуылып
тасталынды.

Батыс және Орталық майдандарда
жергілікті маңызы бар ұрыстар жүргізіл-
ді.

Халық армиясының бөлімдері батыс
жағалаудағы су жиегіне баса көктей
өтіп, бейбіт халыққа зенбіректен оқ жау-
дырған жау кемелерінің ішінен 2 эсми-
неңті зияндады.

Иран үкметінің Англияға нотасы

ТЕГЕРАН, 13 январь. (СОТА). Иран
жеріндегі ағылшын елшіліктерінің бірін
«алдырмастан 21 январьға дейін жабуды
талап еткен, 12 январь күні кешке ағыл-
шын елшісіне тапсырылған Иран Сыртқы
стер Министрі Каземидің нотасы газет-
терде толық жарияланды.

Нотада Иран үкметі «Иранның ішкі іс-
теріне ағылшын чиновниктерінің қол сұ-
уына бұдан әрі төзіп отыра алмайды»,
«елдің жоғарғы мүдделерін қорғау мақ-
атын көздеп», Ирандағы барлық ағыл-
шын елшіліктерін жабуды талап етуге
өзін міндетті деп есептейді делінген.

Бұған дәлел, біріншіден, Иранның жер-
керлеріндегі ағылшын үкметі елшілікте-
лінің чиновниктері өздерінің қызметтерін
итқарғанда «әдеттегі елшіліктің міндетте-
лінен ауа жайылып, елдің тәуелсіздігін

бұзып Иранның ішкі істеріне қол сұға-
ды», екіншіден Индия мен Пакистан мем-
лекеттері құрылғаннан кейін, олар Иран-
ның қажетті жерлерінде өздерінің елші-
ліктерін жасауға мүмкіншілігі бола тұрса
да, Ирандағы ағылшын қол астындағы-
лардың саны енді Иранның көптеген ау-
дандарында ағылшын үкметінің елшілік
өкілдіктерінің жұмыс істей беруін қажетсіні
бейді; үшіншіден, Иран үкметі мен ағыл-
шын үкметінің араларындағы елшілік қа-
тынастар екі жакка бірдей шарттардың
негізінде құрылғандықтан және Англияда
тұратын ирандықтардың санының көптігі-
не қарамастан Иран үкметінің Англия же-
рінде бірде-бір елшілігі жоқ, сондықтан
Иранның жерінде де ағылшын үкметіне
өзінің елшіліктерін ұстаудың қажеттігі
жоқ.

Кеншілердің бүкілгермандық конференциясы

БЕРЛИН, 14 январь. (СОТА). Кеше
Эссенде тау кеншілерінің бүкілгермандық
конференциясы болды. Конференцияға
Германияның екі бөлігінен мыңнан астам
делегаттар мен қонақтар қатынасты. Кон-
ференция делегаттары Батыс Германия-
ның 500 мың тау кеншілері мен Герман
Демократиялық Республикасының 200 мың

Хоништің сөзін конференцияға қатысу-
шылар ду қол шапалақтаумен қарсы ал-
ды. Тау кеншілерінің бүкілгермандық кә-
сіподағын құру үшін және ремилитарлан-
дыруға қарсы күрес жөнінде бірлескен
мәжіліс шақыру үшін Батыс Герман тау
кеншілері кәсіподағының председатели
Август Шмидттің инициативтік комитет-

Оқу ағарту ісіндегі кемшіліктер тез жойылсын

Қазақстан Б(б)П V съезі мектептерге басшылық жұмысын негізінен жақсартып, онда сабақ берудің сапасын арттыруды партия, совет ұйымдары мен оқу орындарынан қатты талап етті. Бірақ оқу-ағарту ісін жақсарту жөніндегі талаптар Преснов ауданының барлық мектептерінде бірдей орындалып отыр деп айта алмаймыз. Көптеген мектептерде балалардың оқуға тартылуы нашар. Ольговка бастауыш мектебінде 11 оқушы, Троицкая жетіжылдық мектебінде 10 оқушы мектепке тартылмаған.

Мектептерде оқушылардың сабақ үлгеруі нашар, бір класта екі-үш жыл отырып қалатын оқушылардың саны әлі азайған жоқ. Мәселен, Троицкая жетіжылдық мектебінің V класында 75 оқушыдан 35 оқушының, Преснов совхозындағы жетіжылдық мектептің VI класындағы 70 оқушыдан 28 оқушының сабақ үлгермеуі осыған толық дәлел.

Оқушылардың класта екінші жыл отырып қалмауы олардың тыианақты білім алуына, оқытушылардың өздерінің үнемі оқып, жалпы білім дәрежесін және саяси сауатын үнемі көтеріп отыруына байланысты. Алайда, бұл өмірде сыналған ақиқатқа Преснов ауданының оқытушылары осы уақытқа дейін мән бермей келеді десек артық айтылған болмайды. Жалпы және саяси білім дәрежесін көтермей, педагогикалық мамандығын арттырмай, әлеуметтік өмірге белсене араласпай, өз шаруашылығымен айналысып жүрген кейбір мұғалімдер өмірден артта қалып қойғандығын түсінбей келеді. Мәселен, Жарқын жетіжылдық мектебінің қазақ тілі мен әдебиеттік оқудан сабақ беретін мұғалимасы Ғабба-

сова жолдастың бірінші тоқсанға жасаған жоспарынан 27 қате шықты. Преснов совхозының бірінші фермасындағы бастауыш мектептің мұғалімі Лукьянченкова жолдас Вьетнам не деген сұраққа «Европадағы бір өзеннің аты» деп жауап берген.

Танданарлық бір нәрсе, бүгінгі білімге құштар бақытты совет жастарының оқытушысы бола отырып, газет алдыртып оқымайтын мұғалімдер де кездеседі. Мәселен, Николаевка орта мектебінің мұғалімі Н. Бирьяков, Буденный атындағы совхоздың жетіжылдық мектебінің мұғалімдері Змеева, Гаврилова жолдастар мүлдем газетке жазылмаған.

Мектептерде тарих, орыс тілі, қазақ тілі, әдебиет және география пәндерінен сабақ беру қанағаттанғысыз. Бұл пәндерден сабақ беретін мұғалімдерге аудандық оқу бөлімі ешқандай көмек көрсетпейді, тарихшылар мен географтардың, әдебиетшілердің жұмыс жоспары, сабақ беруі, олардың өз беттерімен оқып білімін көтеруі бақылауға алынбайды, тексерілмейді. Ново-Рыбинка жетіжылдық мектебінің жетінші класс оқытушысы Гусева жолдас тарих сабағында оқушыларға бағыр қала Севастополь мен Қырым түбегін картадан таба алмай, оқушылардың алдында қызарақтағаннан басқа ешнәрсе бітіре алмаған.

Көптеген мұғалімдер көсеміміз Сталин жолдастың «Марксизм және тіл білімі мәселелері» деген еңбегін оқып үйренуге әлі күнге дейін кіріскен жоқ. Сталин жолдастың еңбегін оқымай жүргендердің бірі — Тауаған жетіжылдық мектебінің 5—7 кластарына қазақ тілі мен әдебиеттік оқудан сабақ беретін

ларынан тоқсан аяғында диктант алғанда өрескел қателер, бұрмалаушылықтар жіберді. Алдымен, оқытушы диктанттың текстің дұрыстап оқымады, оқушыларға текстіні сөйлем-сөйлемімен дұрыстап айта алмады. Оқушы Б. Көкеновтың 155 сөзден жазған диктантын тексеріп шығып, 4 қате тапты, сол диктантты мұғалімнен кейін тексергенде оқушының 4 қате емес, 10 қате жібергендігі анықталды. Бұл мектептің жұмыс жоспарының жасалуы қанағаттанғысыз, сабақтың сапасы төмен, балалардың ата-аналарының арасындағы жұмыс өте нашар.

Өресе, мұғалімдердің өз беттерімен оқып, саяси және жалпы білім дәрежесін толықтырулары өте қанағаттанғысыз. Осының салдарынан мұғалімдер өздері беретін пәнді білмейді, сабақтың берілу әдісіне шорқақ. Жоғарыда айтылған қазақ тілі мен әдебиеттік оқудан сабақ беретін Бұғыбаев жолдас оқушыларға беретін тапсырыстары мен сұрақтарына өзі де түсінбейді, оқушылар да түсінбейді. Сондықтан бұл мектепте қазақ тілінен үлгермеушілердің саны ғана 20-дан асады. Ал, 5-6-7 кластардағы оқығаны 74 оқушыдан 5 оқушы өте жаман деген баға алған. Мұғалімнің педагогикалық қабілетсіздігі мен білімінің төмендігінің салдарынан оқушылардың жазулары нашар, сөз мәдениеті төмен, ғылым түсініктері күңгірт. Мектепте тіл сабағын беруді жақсарту жұмысын ойлап отырған немесе оны аудандық, облыстық оқу бөлімдерінің алдына қойып отырған мектеп директоры да жоқ.

Аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Набоков жолдастың мектептерге кабинетте отырып бұйрықтар арқылы басшылық етуінің салдарынан, оқу программасына аялынып тасталған, республика газеттерінің бетінде қатал, бірақ әділ сыналған С. Аманжоловтың 6-7 класқа арналған

қытқа дейін мектептерде пайдаланылып келді. Тіпті Қазақстан Оқу Министрінің орынбасары Шәріпов жолдастың 1951 жылы 22 февральда Аманжоловтың зиянды кітаптың программадан алып тастау туралы берген бұйрығы күні бүгінге дейін Преснов ауданының қазақ мектептеріне жеткізілмеген.

Аудандық оқу бөлімінің басшылары «білмегенсіп», «естімегенсіп», Совет Армиясының қатарында қызмет атқарған, семьялы болған Крапиво, Соловьев, Дробышев сыяқты ересектерді Преснов орта мектебінің 8-9 кластарына оқушы етіп алып, жас балалармен қатар партаға отырғызған. Ал, Дробышевтің зайыбы Преснов аудандық байланыс бөлімінде қызмет істейді. Преснов орта мектебінің директоры Македонов жолдас жоғарыда аттары аталған «оқушылармен» шылым тартысып, тіпті реті келгенде стақан соқтығысып та қоятын көрінеді.

Оқу-ағарту жұмысы идеология майданының ең маңызды салаларының бірі болып табылады. Бірақ оқу-ағарту жұмысына, мектептерде тарих, орыс тілі, қазақ тілі, әдебиет, жаратылыс пәндерінен сабақ беру жұмысына негізінен жақсартуға Преснов ауданының басшылары жеткілікті көңіл бөлмей отыр, мектептерге партия, совет ұйымдары тарапынан басшылық жасау әлі де нашар. Ал, Преснов аудандық комсомол комитетінің басшылары мектептерге сирек баратыны, жеткіліксіз көмектесетіндігі бұдан бұрын да айтылған болатын.

Келешекте мектептерге басшылықты жақсартып, оқытушылардың саяси және жалпы білім дәрежесін көтеру арқылы оқушылардың білім негіздерімен қарулануына, жаппай үлгеруіне жетісу қажет.

М. ӘКІМЖАНОВ.

Траст оф карағанда.

«Ленин ноябрьдегі бермей от жариялан колхозшы оқуы бар дастырылм бөлімінің лық жаса ған болат

Ауданды орынбасар тында көр талғанды техникалы тыру, оны бұл шара меу жөнін гendigін x



«УДА
Сеанстар
«О

Сеанстар

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — партия және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет т: